

85.23
2467P

Пернебек МОМЫНҰЛЫ

Қазақ музыкасының
қысқаша тарихы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік
Университеті

85.23(=123)-1

M 67

K

Пернебек Момынұлы

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

II



АЛМАТЫ

2002

нұскасы бар), “Теріс қакпай” (екі нұскасы бар), “Төремұрат”, “Түрмеден қашқан”, “Ұзақ ақ желең” т.б.

Тапсырма: “Ұлы өнерпаз күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының күй мәдениеті” атты кеш дайындап өткізу.

САРЫМАЛАЙ (ШЫН АТЫ — САДЫҚ) (1835-1885)

Батыс Қазақстан облысының Фурманов ауданындағы “Талдықұдық” деген мекенде туып өскен, атақты сыбызғышы, күйші ретінде халқымыздың саз-музыка мәдениетінен орын алады. Дәулеті шамалы шаруа отбасынан шыққан. Сыбызғыда ойнауды әкесінен, кейін келе Сабыр деген өнерпаз сыбызғышыдан дәріс, сабақ алады. Ол жастайынан-ақ өнерге, аспапты игеруге талаптанып өседі. Жалдамалы мал бағып жүріп, өз замандастарымен қурайдан сыбызғы жасап мал басында, кешкі ойын-сауықта “өнерлі, сыбызғышы бала” ретінде өз аймағына танылады.

Ұстазы Сабыр-сыбызғыда ән, күйлерді шебер ойнайтын, өнер оған ата-бабасынан балаға жалғасып тұқым қуып қонған, өскен өлкесінде кеңінен құрметке ие, өнер тұлғасы болыпты.

Өнерге деген баланың ынтасы, құштарлығы, әкеден үйренген ән, күйлері көп ұзамай ұлғая түседі, шеберлігі де арта береді. Қамыстан, қурайдан тез жасап алатын сырнайында алғаш үш-төрт тесігі болса, кейінірек оның басқа да түрлерін, үн шығару жағын кеңейтіп, дамытады, жаңалық ендіреді.

Сарымалай халықтың ән, күйлерін шебер орындаумен қатар, өз жанынан әр салада, мазмұнды, қайғылы, лирикалы, көңілді туындылар шығарады. Сазгерлік шығармаларының мазмұны, табиғаты, мелодиялық әсемдігі, ырғақтығы жағынан кеңейіп адамның өмірінде кездесетін қуаныш, сүйініш, ренішпен, әрі оларды женетін өмірге деген құштарлық күшпен қатар, көркем табиғат, жан-жануарлар, құстар болып суреттеледі.

Шығармалары: “Қара жорға”, “Нар идірген”, “Бұлбұл”, “Жорға аю”, “Шал бүркіт”, “Ақ қабанның толқыны”, “Жетім қыз”, “Ақсақ құлан”, “Естек күй”, “Сансызбай”, “Мұнды қыз”, “Қоныр”, “Шоқай”, “Қарлығаш” т.б.

Композитордың шығармашылығымен сыбызғыда ойнау шеберлігін шәкірттері біздің заманға жеткізді. Олар Ерғали Жарықбасұлы, Ысқақ Валиұлы әрі әкесі Валилер.

Академик А. Жұбановтың айтуына қарағанда, Ысқақ Валиұлының

анасы әнші, әкесі сыбызғышы болып, баласын сегіз жасынан өнерге баулыған екен. “Жетім қыз” туралы күйдің мазмұны: “Ертеде бір өзеннің жағасында жетім қыз бен бала болыпты. Ол қыз қайықты жақсы еседі екен. Сол мандағы балалар бұларға келіп, қайықпен ойнап серуендейді екен. Бір күні қыз таудан жүзім жинауға кеткенде, үйде қалған бала апасының жоғын пайдаланып қайыққа мініп жүзеді. Бірақ ол қайықты есе білмейтін. Ойламаған жерден қатты дауыл жел тұрып, қайық үлкен толқынның арасында аударылады, бала суға кетеді, інісінің суға кетіп өлгенін естіген қыз зарлап жылайды. Қайғылы жанға тиетін бұл күйдің үнінде қыздың жылағаны, желдің ызғырығы, толқынның соғуы мен бірге ескектің есілген қозғалыс ырғағы естіледі”, — деп жазады А. Жұбанов “Ғасырлар пернесі” атты кітабында (278 бет).

Курс жұмысының тақырыбы: “Сазгер сыбызғышы Сарымалай (Садық) шығармашылығының маңызы”.

Әдебиеттер: Академик А. Жұбанов — “Ғасырлар пернесі”, Алматы, 1975, 270-286-беттер.

Қазақ ССР, 4-том, қысқаша энциклопедия. Алматы, 1989, 516-бет.

Тапсырма: Сыбызғышы күйлерінің нотасын тауып домбыра, қобызбен ойнап жаттығу, кеш өткізу.

БАЙСЕРКЕ ҚҰЛЫШҰЛЫ (1841-1906)

Менің ұстазым Ахмет Қуанұлы Жұбанов өзінің кезекті қазақ халқының музыкалы әдеби тарихына арналған “Ғасырлар пернесі” атты А. 1975 жылы жарық көрген монографиясында күйші, композитор Байсерке Құлышұлы туралы әңгімені оның шәкірттерінің шәкірті болған өнерпаздар тұяғы — Қатшыбай Таубаевтан үйренген өнерімен бастайды: “Шу станциясында жақын жердегі разъездің бір жұмысшылар барағында ұзақ уақыт көрәсин шамның жарығы көрініп тұрды. “Пәлі-пәлі!” деген дауыстар естіліп тұрды. Түн ортасынан ауған кез. Бірақ шамы әлі сөнбеген. Тындаған адамдарға біресе домбырада, біресе гармоньда, біресе гитарада ойнаған, ән салған адамның дауысы естіліп тұрды. Аласа ғана балшық үйге темір жол жұмысшылары сыймай кетті. Мұнда орыстар, украиндықтар, қазақтар, қырғыздар бар еді. Терезенің алдында жуан ағаштың үстінде бір аяғын бір аяғының үстіне салып, 35 жасар шамасындағы орта бойлы, өткір көзді, қараторы өрімше жігіт отырды. Адам көптігінен үйдің іші ысып кетті. Жігіт мезгіл-мезгіл орамалмен бетін сүртіп отырды. Бірақ, үнемі құйылып отырған тер басылмады. Жігіттің айналасындағы домбыра, балалайка, гитара, гармонь сияқты музыка аспаптары жатты. Ол осы аспаптарды кезекпе-кезек қолына алып, бәрін де өте шебер ойнайтынын көрсетті.